

Жұмысшылар мен қызметшілерге еңбек міндетін атқаруына байланысты мертігіп қалған жағдайда немесе денсаулығына басқаша зақым келгенде олардың шеккен зиянын меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың өтеуі жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 наурыз 1993 ж. N 201. ЕСКЕРТУ. Атауы мен мәтініндегі кәсіпорындардың, мекемелердің сөздері алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.12.31. N 1878 қаулысымен. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 12 тамыздағы N 846 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жұмысшылар мен қызметшілерге еңбек міндетін атқаруына байланысты мертігіп қалған жағдайда немесе денсаулығына басқаша зақым келгенде олардың шеккен зиянын меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың өтеуі жөніндегі қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.<*>

2. Жұмысшылар мен қызметшілерге еңбек және халықты әлеуметтік қорғау міндетін атқаруына байланысты мертігіп қалған жағдайда немесе денсаулығына басқаша зақым келгенде олардың шеккен зиянын меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың өтеуі жөніндегі Ереже 1993 жылғы 1 наурыздан бастап күшіне енгізілсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.12.31. N 1878 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне мүдделі министрліктер мен ведомстволардың келісімі бойынша аталған Ережені қолдану туралы шешім қабылдауға хұқық берілсін.

4 . М ы н а л а р д ы ң :

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Жұмысшылар мен қызметшілерге еңбек міндетін атқаруына байланысты келгенде олардың шеккен зиянын өтеудің бұрын белгіленген мөлшерін ұйымдардың қайта қарауының уақытша тәртібі туралы" 1992 жылғы 2 маусымдағы N 486 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 22, 351-бап);<*>

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 маусымдағы N 486 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1992 жылғы 28 қыркүйектегі N 806 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 наурыздағы
N 201 қаулысымен
Бекітілген

Жұмысшылар мен қызметшілерге еңбек міндетін атқаруына байланысты мертігіп қалған жағдайда немесе денсаулығына басқаша зақым келгенде олардың шеккен зиянын меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың өтеуі жөніндегі Ереже<*>

ЕСКЕРТУ. Атауы өзгертілді, мәтініндегі "кәсіпорын, кәсіпорындар, кәсіпорынның, кәсіпорындарда" деген сөздер "ұйым, ұйымдар, ұйымның, ұйымдарда" деген сөздермен ауыстырылды - ҚРҰ-нің 1997.12.31. N 1878 қаулысымен .

I. Жалпы ережелер

1. Меншіктің барлық нысанындағы ұйымдар<*> жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек міндетін<*> атқаруына байланысты ұйымның кінәсінен оның аумағында, сондай-ақ одан тысқары жерде де мертігіп қалған жағдайда немесе денсаулығына басқаша зақым келгенде олардың шеккен зияндары үшін материалдық тұрғыдан жауапты болады.<*>

<*> Бұдан былай ұйым делінеді.<*>

<*> Бұдан былай еңбекте мертігуі делінеді.

Егер ұйым келтірілген зиянның оның кінәсінен болмағандығын дәлелдей алса , онда ол зиянды өтеуден босатылады.<*>

2. Зиянды өтеу зардап шеккен қызметшіге еңбек қабілетінен айрылу немесе оның төмендеуі салдарынан жалақысы, табысы (немесе олардың тиісті бөлігі) мөлшерінде ақшалай төлем жасау, бір жолғы жәрдемақы беру және денсаулығына зақым келтірілуі себепті болған қосымша шығындар үшін өтемақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

3. Зардап шеккен қызметші қайтыс болған жағдайда зиян өтемін алу хұқына қайтыс болған адамның асырауындағы немесе ол қайтыс болған күнге дейін одан жәрдем алып тұруға хұқы болған еңбекке жарамсыз адамдар, адам қайтыс болғаннан кейін дүниеге келген оның баласы, сондай-ақ қайтыс болған адамның 14 жасқа толмаған балаларын, інілерін, қарындастарын немесе немерелерін күтумен айналысатындарға жұмыс істемейтін ата-аналарының бірі, жұбайы немесе отбасының басқа мүшесі ие болады не алады. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 703 қаулысымен .

4. Еңбек міндеттерін атқаруына байланысты мертiккен немесе денсаулығына зақым келген қызметшiнiң кәсiптiк еңбек қабiлетiн жоғалту деңгейiн (процент есебiмен) анықтауда халықты әлеуметтiк қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлiмшесi жүргiзедi. <*> Еңбекте мертiгу салдарынан кәсiптiк еңбек қабiлетiнен айрылу себептерiн, мүгедектiк топтарын, дәрежесiн куәландыру, белгiлеу тәртiбiн халықты әлеуметтiк қорғау саласындағы орталық атқарушы орган азаматтардың денсаулығын қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкiлеттi орталық атқарушы органмен келiсiм бойынша бекiтедi .

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертiлдi - ҚРҰ-нiң 1997.12.31. N 1878 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгердi - Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2002 жылғы 28 маусымдағы N 703 қаулысымен.

II. Өтелуге тиiстi зиянның мөлшерi

5. Зардап шеккен адамға айрылған жалақысына қатысты зиянын өтеудiң мөлшерi оның кәсiптiк еңбек қабiлетiн жоғалту дәрежесiне байланысты болады және осы жоғалту дәрежесi бойынша орташа айлық жалақысына проценттiк қ а т ы н а с т а е с е п т е л е д i .

Айрылған жалақысына қатысты зиянды өтеу жөнiндегi сома зардап шеккен адамның алатын жалақысына, стипендиясына және өзге кiрiстерiне қарамастан т ө л е н е д i . < * >

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нiң 1997.12.31. N 1878 қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгердi - Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2002 жылғы 28 маусымдағы N 703 қаулысымен.

6. Асыраушысы қайтыс болған жағдайда зиянның өтемiн алуға хұқылы адамға зиян асыраушының орташа айлық табысы мөлшерiнде өтеледi, бiрақ одан қайтыс болған адамның өзiне және асырауындағы еңбек ететiн, зиянның өтемiн алуға хұқы жоқ адамға тиесiлi үлестер шығарылып тасталады.

7. Егер еңбектегi мертiгу ұйымның кiнәсiнен ғана емес, сонымен бiрге зардап шеккен қызметшiнiң өзiнiң өрескел абайсыздығы салдарынан болса, онда зиянның өтелу мөлшерi оның кiнәсiне қарай кемiтiлуi мүмкiн.<*>

Зардап шеккен адамның кiнәлiлiк дәрежесiн осы жазатайым жағдайды тексеретiн комиссия Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2001 жылғы 3 наурыздағы N 326 қаулысымен бекiтiлген Еңбек қызметiмен байланысты

жазатайым оқиғалар мен қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тексеру мен есепке алу ережесінде белгіленген тәртіппен белгілейді.<*>

Комиссияның шешімін қайта қарау туралы өтініш болған кезде зардап шеккен адамның кінәлілік дәрежесін айқындау туралы мәселені Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары жөніндегі мемлекеттік инспекциясы не оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері қарайды.<*>

Еңбектегі мертігуіне байланысты бір жолғы жәрдемақыны төлеу және қосымша шығыстарды өтеу кезінде зардап шеккен адамның кінәлілік дәрежесі е с е п к е а л ы н б а й д ы . < * >

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ 2,3,4-абзацтармен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.12.31. N 1878 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 703 қаулысымен.

8. Зиянды өтеу, бір жолғы жәрдемақы мөлшері еңбектегі мертігу алдындағы немесе осы мертігуге байланысты еңбекке қабілетсіздігін жоғалтуы алдындағы (зардап шеккен қызметшінің қалауы бойынша) күнтізбелік 12 айдағы орташа айлық табысы негізінде есептеледі. Кәсіптік ауруға ұшыраған жағдайда зардап шеккен қызметшінің тілегі бойынша зиянды өтеу мөлшерін есептеу үшін осы ауруға душар болуы салдарынан жұмысты тоқтатқаннан бұрынғы күнтізбелік 12 айдағы орташа айлық табысы алынуы да мүмкін.

9. Егер зиянды өтеу жөнінде өтініш жасағанға дейін зардап шеккен қызметшінің еңбекте мертігуге дейінгі нақтылы табысы туралы құжаттары сақталмаған болса, онда зиянды өтеу мөлшері зардап шеккен қызметшінің өтініш жасаған уақытында ол атқарған жұмыстағы қолданылып жүрген тариф ставкасы (айлық ақысы) негізінде есептеледі.

10. Зиянды өтеу үшін есептелетін табысқа қолданылып жүрген ереже бойынша әлеуметтік сақтандыру жарналары есептелетін жалақының барлық түрі (колхоз мүшелерінің табысынан басқа) жатады, бұған еңбекке ақы төлеудің қолданылып жүрген жүйесінде ескерілмеген (пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақы, демалыстық жәрдемақы және басқалар) біржолғы сипаттағы төлемдер қ о с ы л м а й д ы .

Колхоз мүшелеріне зиянды өтеу мөлшерін есептегенде колхоздың қоғамдық шаруашылығының барлық түріндегі жұмысы үшін жалақысы есепке алынады.

11. Өндірістік оқуда (практикада) жүрген кезінде еңбекте мертіккен адамдарға зиянды өтеу мөлшері зардап шеккен қызметші оқып жатқан кәсібі (мамандығы) бойынша тағайындалған ставка (айлық ақы) негізінде есептеледі (бірақ 2-разрядтан төмен болмауға тиіс). Оқу (практика) кезінде табыс тапқан адамға зиянды өтеу мөлшері олардың тілегі бойынша осы кезеңдегі орташа

айлық табысы негізінде есептеледі. Зардап шеккен қызметшінің тілегі бойынша зиянды өтеу мөлшері өндірістік оқуда (практикада) болар алдында істеген жұмысындағы орташа айлық табысы негізінде есептелуі де мүмкін.

12. Шетелде жұмыста болған кезінде еңбекте мертліккен жұмысшылар мен қызметшілерге зиянды өтеу мөлшерін есептеу үшін орташа айлық табысты белгілеу тәртібін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тағайындайды.<*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.12.31. N 1878 қаулысымен.

III. Еңбекте мертлігуіне байланысты зардап шеккен қызметшілерге қосымша шығындарын өтеудің тәртібі мен шарттары

13. Зардап шеккен қызметшіге ұйым жоғалтқан табысын өтеудің үстінде еңбекте мертлігуі салдарынан болған қосымша шығындарын да өтеп отырады (емделу, қосымша тамақтану, дәрі-дәрмек алу, медициналық бақылаудан өту және оңалу, протез салу, оларды күту, санаторий-курорттарда емделу, бұған зардап шегушінің емделетін орынға барып-келу жолақысы, қажет болған жағдайда оған жолсерік болған адамның да жолақысы қосылады, арнаулы көлік құралдарын, жанар-жағар май алу және басқалар), егер ол халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган аумақтық бөлімшесінің ұйғаруы бойынша мұндай жәрдемге мұқтаж деп танылса, тиісті ұйымдардан ондай көмекті тегін алмаған болса ғана өтеледі.

Бірінші топтағы мүгедектерге (арнаулы медициналық күтімді қажет ететін жағдайлардан басқа уақытта) оларды күту жөнінде МӘСК-ның тұжырымы қажет болады.

Арнайы медициналық және тұрмыстық күтімге мұқтаж зардап шеккен адамға, шығыстары күтім көрсетудің әрбір түрі бойынша, бұл күтімді кімнің жүзеге асыратынына қарамастан кемінде бір айлық есепті көрсеткіш тұрғысындағы есеп бойынша өтеледі.<*>

ЕСКЕРТУ. 13-тармақтың 3-абзацы жаңа редакцияда, 4-абзац алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.12.31. N 1878 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 703 қаулысымен.

14. Ұйым өз қарамағында қалатын пайданың есебінен зардап шеккен қызметшілерге және зардап шеккен қызметшінің қайтыс болуы себепті шеккен зиянның өтемін алған отбасы мүшелеріне тұрғын үй ақысын өтеуге, ұйымның карауындағы балалар мекемесінде балаларды күтуге, отынның құнын,

коммуналдық қызметтің, тұрғын үй-құрылыс, бау-бақша, гараж құрылысы кооперативтеріндегі үлес жарналарын жарым-жартылай немесе толық төлеуге, қоғамдық көліктің барлық түрінде (таксиден басқа) жүріп-тұруға жеңілдіктер тағайындауына, сондай-ақ басқа да жәрдем көрсетуіне хұқы бар.<*>

Жоғалтқан табысын, зиянды өтеудің қосымша түрлерін өтеудің үстіне, ұйым зардап шеккен қызметшіге, асыраушысынан айырылуына байланысты зиянның өтемін алуға хұқы бар адамға біржолғы жәрдемақы төлейді.<*>

Біржолғы жәрдемақы мөлшері ұжымдық келісім бойынша анықталады, бірақ:

- өндірістегі жазатайым оқиғасы немесе кәсіптік ауру салдарынан қайтыс болған қызметшінің жылдық жалақысының он есе мөлшерінен;

- еңбекте мертігуден немесе кәсіптік наукастан бірінші немесе екінші топтағы мүгедек деп танылған қызметшінің жылдық жалақысының бес есе мөлшерінен;

- еңбекте мертігуден немесе кәсіптік аурудан үшінші топтағы мүгедек деп танылған қызметшінің жылдық жалақысының екі есе мөлшерінен;

- мүгедектігі белгіленбей еңбек қабілетін жоғалтқандығы толық анықталған жағдайда қызметшінің жылдық жалақы мөлшерінен кем болмауға тиіс.

IV. Зиянды өтеу туралы арыздар мен дауларды қараудың тәртібі

15. Зиянды өтеу туралы арыз еңбекте мертігіп қалған жағдайда шеккен зияны үшін жауапты ұйымға беріледі.<*>

Ұйым қайта құрылған немесе таратылған жағдайда оның мирасқоры болған мекемеге немесе одан жоғары ұйымға беріледі.<*>

16. Ұйым әкімшілігі зиянды өтеу туралы арызды қажетті құжаттармен қоса түскеннен кейін немесе қосымша құжаттар түскеннен кейін он күннен кешіктірмей қарауға және тиісті шешім қабылдауға міндетті.<*>

Зиянды өтеу туралы шешім ұйым бойынша берілген бұйрықпен (өкіммен) ресімделеді.<*>

Ұйым әкімшілігінің шешімімен келіспеген жағдайда зардап шеккен қызметші немесе басқа мүдделі адам бұл жөнінде сотқа шағым бере алады.<*>

V. Зиянды өтеу сомасын төлеудің тәртібі

17. Жұмысшылар мен қызметшілерге зиянды өтеу сомасын зиян келтіргені үшін жауапты ұйым төлейді.<*>

Шетелде жұмыс істеген кезеңде еңбекте мертіккен жұмысшылар мен қызметшілерге зиянды өтеу оларды шетелге жұмысқа жіберген ұйымдар, министрліктер мен ведомстволар арқылы жүргізіледі.<*>

18. Қазақстан Республикасының ұйымдарында, еңбекте мертіккен, басқа

мемлекеттерге тұрғылықты тұруға көшіп кеткен азаматтарға келтірілген зиян осы Ережеде белгіленген шарттар негізінде сол ұйымдардың қаржысы есебінен жүзеге асырылады. < * >

19. Шеккен зиянды өтеуге тиісті ұйым өз қызметін тоқтатқан жағдайда өтем азаматтық заңдарда көзделген тәртіппен төленеді. < * > < * >

Ескерту. 19-тармақ жаңа мазмұнда баяндалған - ҚРМҚ-нің 1994 ж. 16 желтоқсан N 1417 қаулысымен.

20. Зиянды өтеу сомасы:

а) зардап шеккен жұмысшылар мен қызметшілерге - олар еңбекте мертігуі салдарынан бұрынғы табысынан айырылған күннен бастап төленеді;

ә) асыраушысының қайтыс болуына байланысты зиянды өтеу хұқына ие болған адамдарға - ол қайтыс болған күннен бастап төленеді, бірақ зиянды өтеу сомасын алу хұқына ие болған күннен ерте болмауға тиіс.

Еңбекте мертігуіне байланысты бұрынғы табысынан айрылғаннан кейін немесе асыраушысы қайтыс болғаннан кейін үш жыл өткен соң зиянды өтеу туралы өтініш жасалған жағдайда, зиян арыз берген күннен бастап өтеледі.

21. Зардап шеккен қызметшіге табысын жоғалтқаны жөнінде зиянды өтеу халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган аумақтық бөлімшесі еңбекте мертігуіне байланысты еңбек қабілетін жоғалтқаны жайында белгіленген мерзімге төленеді.

Асыраушысы қайтыс болуына байланысты зиян өтемін алу хұқына ие болған мына адамдарға:

кәмелетке толмағандарға - 18 жасқа толғанға дейін (кәсіптік-техникалық училищелердің, орта арнаулы және жоғары оқу орындарының оқушыларына - оқуы аяқталғанға дейін, бірақ олардың жасы 23-ке толғанға дейін);

жасы 63-тан асқан ерлер мен жасы 58-тен асқан әйелдерге - өмір бойына;

мүгедектерге - еңбекке жарамсыз уақытының ішінде; қайтыс болған асыраушысының балаларын, інілері, қарындастарын, немерелерін он төрт жасқа толғанға немесе денсаулық жағдайы өзгергенге дейін күтумен айналысатын, жұмыс істемейтін ата-анасына, жұбайына немесе отбасының басқа мүшесіне зиян өтеледі. < * >

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 703 қаулысымен.

22. Әртүрлі жұмыс берушілерде (екі және одан көп) жұмыс істеген кезде душар болған кәсіптік науқасынан еңбек қабілетінен тұрақты айрылғаны анықталғанда және оны халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі жиынтықтап белгілегенде зиянды өтеу үлестік принцип бойынша, осы жұмыс берушілерде жұмыс істеген уақытына бара-бар жүргізіледі.

Еңбек қабілетінен тұрақты айрылғаны анықталған кезде жұмыс берушілердің бірі таратылған жағдайда зиянды өтеу қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізіледі. < * >

23. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге (ТМД мемлекеттері) тұрғылықты тұруға кететін адамдарға зиянды өтеудің тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 мамырдағы N 2303 Жарлығымен бекітілген Қызметкерлерге еңбек міндеттерін атқаруына байланысты мертігуімен, кәсіптік науқасымен не денсаулығын басқадай зақымдауымен келтірілген зиянды өтеуге деген құқықтарды өзара тану туралы келісімге сәйкес реттеледі. < * >

2 4 . < * > < * >

ЕСКЕРТУ. 22,23,24 -тармақтар жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.12.31 N 1878 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 24-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 703 қаулысымен .

25. Зиянды өтеуге төленетін соманы жеткізіп беру және жіберу ұйымының есебінен атқарылады. < * >

26. Бұл сомадан да жалақыдан ақша ұстау тәртібіне сәйкес ақша ұсталады. < * >

Ескерту. 26-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.08.02. N 1069 қаулысымен.

VI. Ұйым қайта ұйымдастырылған, таратылған (банкрот болған) жағдайда зиянды өтеу < * >

27. Заңды тұлға таратылған (банкрот болған), қайта ұйымдастырылған (біріккен, қосылған, бөлінген, бөлініп шыққан, қайта құрылған) кезде зиянды өтеудің тәртібі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленеді.

Азаматтардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілгеніне байланысты талаптары заңды тұлғаны тарату (борышкерді банкрот деп тану) туралы шешім қабылданған күні есептелген немесе төленген тиісті уақыттық төлемдерді капиталдандыру жолымен қанағаттандырылады. Зиянды өтеуге арналған қаражат капиталдандыруға жатады .

Егер таратылған (банкрот деп танылған) ұйымның құқықтары мен міндеттері құқықтық мұрагерге немесе жаңадан пайда болған заңды тұлғаға көшпейтін болса, онда тарату комиссиясы (конкурстық басқарушы) зиянды өтеу үшін төленуге тиісті капиталдандырылған уақыттық төлемдердің сомаларын зардап шеккендерге немесе асыраушысының қайтыс болуына байланысты зиянды өтеп алуға құқығы бар адамдарға олардың банктегі дербес шоттарына аударады. < * >

28. Осы Ереженің қағидалары Чернобыль АЭС-ындағы аварияны жоюға қатысқандарға қолданылмайды. < * >

ЕСКЕРТУ. Қаулы VI-бөліммен және 27,28-тармақтармен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.12.31. N 1878 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК